Қызылорда облысы Қазалы ауданы Қазалы қаласының көше жарықшамдарын күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу жұмыстарына түсіндірме жазба

Жобаны іске асыру орны экологиялық аймаққа жататын Қызылорда облысы Қазалы ауданы Қазалы қаласы болып танылады.

Жобадағы жұмыстар Қазалы қаласында орналасқан барлық түнгі жарықшамдарды күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу.

Қазалы қаласы аумағындағы түнгі жарықшамдар тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында үздіксіз әрі тұрақты жұмыс істеуі тиіс.

Қазалы қаласында тал, ағаштардың көп болуына байланысты жарықшамдарға қолжетімділік шектеулі, жөндеу және қызмет көрсету барысында қосымша техниканы пайдалану, ағаш бұтақтарын кесу немесе айналып өту қажеттілігі туындайды. Бұл өз кезегінде жұмыстардың күрделілігін арттырып, арнайы тәжірибесі бар орындаушыны талап етеді.

Ашық конкурс немесе өзге де бәсекелі сатып алу тәсілдері белгілі бір уақытты қажет етеді, ал бұл кезеңде жарықшамдардың істен шығуы елді мекен аумағында қауіпсіздік деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты, аталған жұмыстарды жергілікті жеке кәсіпкердің орындауы тиімді, себебі ол елді мекеннің ерекшеліктерін жақсы біледі және шақырту түскен сәттен бастап жедел түрде жұмысқа кірісе алады.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағы 28) тармақшасына сәйкес - аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға құқылы делінген.

Нақты мердігерді таңдау себептері: Тапсырыс беруші бәсекелестік әдістерді қолдана отырып, Қазалы қаласы аумағында жасалған жарықтандыру жұмыстарына мониторинг жүргізіп, нәтижесінде Республика аумағында орналасқан жеткізушілер өте төмен баға ұсынысымен жеңімпаз болып, жұмыстарды сапасыз, мерзімінен кеш орындап жатқандығы анықталды.

Осы ретте, мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарына сәйкес, Қазалы қаласының түнгі жарықшамдарын күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу жұмыстарын «ORDA» жеке кәсіпкеріне тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу ұсынылғалы отыр.

Себебі – Қазалы ауданы көлемінде көше жарықшамдарын күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізетін 3 (үш) әлеуетті өнім берушілерге коммерциялық ұсыныс жолданып, нәтижесінде орындаушы төмен баға ұсынған әлеуетті өнім беруші болып танылды.

Орындаушы - шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарына ие.

Қазалы ауданы аумағында көше жарықшамдарын күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу жұмыстарына тәжірибесі бар.

Орындаушы жұмыстарды уақтылы орындауға, техникалық ақауларды жедел жоюға және тұрғындар үшін қауіпсіз жағдайды қамтамасыз етуге толық мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №687 бұйрығының (*Бұдан әрі – Бұйрық*) 508-бөлігінің талаптарына сәйкес бәсекелестік сақтала отырып, елді мекен аумағындағы 3 *(үш)* әлеуетті өнім берушіге ұсыным беріп, неғұрлым төмен баға ұсынған өнім берушімен тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылады.

Бұйрықтың 506-бөлігі - мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

Қазалы қаласының әкімі **Қ.Орынбасаров**